

«Бурабай ауданының
білім бөлімінің Щучинск
қаласының №8 мектеп
гимназиясы» ММ

ГУ «Школа-гимназия №8
города Щучинска отдела
образования Бурабайского
района»

БҰЙРЫҚ

01 сентября 2020 ж.
Щучинск қаласы

№ 66 О/Д

ПРИКАЗ

1 сентября 2020 г
город Щучинск

**2020-2021 оқу жылының демалыс кезеңдері және
басталуын, ұзақтығын айқындау туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) сәйкес Бурабай ауданының білім бөлімінің 2020 жылғы 19 тамыздағы № 374-ө бұйрығының негізінде,

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2020-2021 оқу жылының басталуының, ұзақтығының және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:

1) 2020-2021 оқу жылының басталуы-2020 жылғы 1 қыркүйек;
2) оқу жылының ұзақтығы 1 – сыныптарда-33 оқу аптасы, 2-11 (12) - сыныптарда-34 оқу аптасы. Мереке күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламаларының мазмұнын ықпалдастыру ескеріле отырып, қайталауға бөлінген сағаттардың есебінен келесі күндерге ауыстырылады;

3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1-11 (12) сыныптарда: күзгі-10 күн (2020 жылғы 5-14 қарашаны қоса алғанда), қысқы-11 күн (2020 жылғы 31 желтоқсаннан бастап 2021 жылғы 10 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі-12 күн (2021 жылғы 20-31 наурызды қоса алғанда));

1-сыныптарда: қосымша каникул - 7 күн (2021 жылғы 8-14 ақпанды қоса алғанда).

№8 МГ директоры:



Г. Т. Калиева